



FTAMP 14.01.11
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-153-4-100-115>

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби дамуын қалыптастырудағы ұлттық құндылықтардың рөлі

Д.М. Даулеталиева^{*1}, З.Е. Сыдыкова², Ш.Ж. Арзымбетова³

^{1,2}Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан

³Ж. Ташенев атындағы университет, Шымкент, Қазақстан

(E-mail: ^{*1}dauletaliyeva_1984@mail.ru, ²zuhra0007@mail.ru, ³sh.zh73@mail.ru)

Аңдатпа. Жұмыс болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы ұлттық құндылықтардың рөлін қарастырады. Қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтар негізінде тұлғаны қалыптастыру маңызды бағыттардың бірі ретінде танылуда. Ұлттық құндылықтар – ұлттың рухани, мәдени және әлеуметтік өмірінің негізін құрайтын, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін жүйе, сондықтан педагог-психолог мамандарын даярлау барысында оларды ескеру маңызды болып табылады. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу болашақ педагог-психологтарда кәсіби құзыреттіліктерді дамытуда ерекше орын алады. Жұмыста педагог-психолог мамандарын даярлаудың негізгі аспектілері, кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуы және қазіргі заманғы білім беру талаптарына сәйкестік мәселелері қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтар негізінде тұлғаны қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр, өйткені олар ұлттың рухани, мәдени және әлеуметтік өмірінің негізін құрайды. Ұлттық құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын маңызды жүйе ретінде педагог-психолог мамандарының даярлығына ерекше әсер етеді. Болашақ педагог-психологтарды кәсіби даярлау барысында ұлттық құндылықтарды ескеру олардың жеке тұлғалық және кәсіби дамуына ықпал етеді. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру, психологиялық білім мен дағдыларды игеру, сондай-ақ қазіргі білім беру жүйесінің талаптарына сай келу маңызды аспектілер болып табылады. Бұл жұмыс педагог-психологтарды даярлаудың негізгі мақсаттары мен міндеттерін талқылайды, сондай-ақ ұлттық құндылықтардың болашақ мамандардың кәсіби дамуына тигізетін әсерін қарастырады. Зерттеу нәтижелері қоғамның тұрақты дамуына қажетті педагог-психологтардың кәсіби деңгейін арттыру үшін маңызды негіздер ұсынады. Тақырыптың өзектілігі қоғамның тұрақты дамуына, мәдени және әлеуметтік сұраныстарға жауап беретін мамандарды даярлау қажеттілігінен туындайды.

Түйін сөздер: ұлттық құндылықтар, педагог-психолог, кәсіби құзыреттілік, білім, даму, болашақ маман.

Түсті: 21.05.2025; Мақұлданды: 15.12.2025; Онлайн қолжетімді: 31.12.2025

*хат-хабар авторы

Кіріспе

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қоғамның тұрақты дамуы мен мәдени-әлеуметтік сұраныстарына жауап беретін маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарға негізделген тұлғаны қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр. Ұлттық құндылықтар – бұл ұлттың рухани, мәдени және әлеуметтік өмірінің негізін құрайтын, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын маңызды құндылықтар жүйесі. Сондықтан педагог-психолог мамандарын даярлау барысында ұлттық құндылықтарды ескеру олардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда ерекше рөл атқарады.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен болашақ педагог-психологтарда қалыптастыру мәселесін қарастыру барысында мамандық ерекшеліктері, кәсіби даярлау мәсесі мен ондағы құзіреттіліктерді анықтауымыз қажет.

Қазіргі білім беру жүйесінде педагог-психолог мамандарын кәсіби даярлау өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Бұл мамандық заманауи оқыту жүйесінде оқушылардың психологиялық және эмоционалдық саулығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Болашақ педагог-психологтарды даярлау үдерісі кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруды, тұлғалық дамуды және заманауи білім беру талаптарына сай келетін дағдыларды игеруді қамтиды.

Ұлттық құндылықтар педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің негізін қалыптастырады және олардың ұлтжандылық, адамгершілік және рухани дамуына ықпал етеді. Бұл өз кезегінде, педагогикалық процестің сапасын арттырып, болашақ мамандардың кәсіби міндеттерін жауапкершілікпен және тиімді орындауына мүмкіндік береді.

Білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды енгізу арқылы жас ұрпақтың өз ұлтына, Отанына деген сүйіспеншілігі мен құрметі артады. Сонымен қатар, бұл құндылықтар ұлттық бірегейлікті сақтауға және мәдениетаралық қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етеді. Ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы қоғамда рухани бай, білімді, және үйлесімді тұлға қалыптастыруға болады.

Ш. Майғаранова «Мектеп оқушыларын рухани дамыту мәселелері» атты еңбегінде: «Құндылықтар – тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған идеалдар. Оларға шындық, қайырымдылық, тұлға, пайда, бостандық, махаббат, шығармашылық, т.б. жатады. Құндылықтар – идеалдарды қабылдау немесе қабылдамау сезімі арқылы айқындалып, ақыл-ой сана арқылы қабылданады. Құндылықтар – құрметтеу, қошеметтеу, қабылдау тәрізді ұмтылысты білдіреді. Құндылықтар – сезім мен ақыл-ойдың ұштасуын және сол арқылы адамның іс-әрекетін белгілейді (Майғаранова, 2002).

Психологияда ұлттық құндылықтар жеке тұлғаның құндылықтық бағдарларының қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Олар адамның мінез-құлқы, шешім қабылдауы және өмірлік ұстанымдарына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып саналады. Ұлттық құндылықтар адамның рухани дамуына, ішкі үйлесімділігіне және әлеуметтік ортамен қарым-қатынасына әсер етеді.

Ал, А.Т. Каирова мен К.Ж. Туребаева өздерінің «Патриоттық мәдениет» атты мақаласында құндылықтар ұғымын рухани, адамгершілік құндылықтармен және патриоттық мәдениетпен байланыстырып қараған: «Адамдарды біріктіретін күш, ол рухани құндылықтар, адамдар осы құндылықтар арқылы бақытқа қол жеткізеді. Сондықтан әрбір адам өз бойындағы адамгершілік пен рухани құндылықтарды дамыту керек, ол үшін

адам өзін тани білу керек, сонда ғана ол ақиқатты таниды. Ақиқатты тану арқылы адамның адамшылығы айқындалады. Кез келген қоғамның даму тенденциясы ондағы адамдардың дамуы арқылы байқалады, сол себепті жас ұрпақтың бойында патриоттық мәдениетті қалыптастыру азаматтық борышымыз болып есептеледі» (Каирова, Туребаева 2024).

Ұлттық құндылықтар адамның өзін-өзі тануы мен әлеуметтенуінде ерекше рөл атқарады. Олар адамның тарихи, мәдени және әлеуметтік контексте өзін-өзі сезінуіне, оның ұлттық бірегейлігін айқындауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтар жеке тұлғаның психологиялық тұрақтылығын, эмоционалдық тепе-теңдігін қамтамасыз етіп, оның қоғамда бейімделуін жеңілдетеді.

Отандық ғалым А.Р. Ерментаева психологиялық дайындық нәтижелерінің мәні бойынша «дайындық» ұғымы оқудың, оқудың дәрежесіне, адамның академиялық білімді игеру деңгейіне сәйкес келетіндігін, ал белгілі бір қызметті жүзеге асыруға «дайындық» жағдайларына сәйкес келетіндігін негіздеді (Ерментаева 2012).

«Кәсіби даярлық» ұғымы «кәсіби құзыреттілік» түсінігімен тығыз байланысты және олардың өзара байланысы көптеген ғалымдардың зерттеулерінде әртүрлі қырынан қарастырылған. Бұл мәселеге Э.Ф. Зеер, И.А. Зимняя, В.В. Краевский, И.Л. Лернер, А.К. Маркова, Г.К. Селевко, В.А. Сластенин, А.М. Новиков, Т.Е. Исаева, А.В. Хуторский және Г.П. Щедровицкий секілді зерттеушілер өз еңбектерінде терең назар аударған.

Шетел әдебиеттерінде «психологиялық дайындық» ұғымы адамның өмірлік қиындықтар мен кедергілерді жеңу қабілеті, сондай-ақ адам айналысатын нақты іс-әрекетке байланысты өнімді еңбек нәтижесін болжау қабілеті ретінде қарастырылады (Биятанова, 2008).

«Кәсіби қызметке дайындық» құбылысын оның қалыптасу процесінің құрылымдық сипатының объективі арқылы түсіндіру үшін орыс әлеуметтік психологы Б. Д. Парыгин ұсынған принцип маңызды (Парыгин, 1999). Оның тұжырымдарына сәйкес, тұлғаның әлеуметтік-психологиялық құрылымы статикалық және динамикалық жақтарын қамтиды. Динамикалық құрылым интроспективті және мінез-құлық аспектілерін зерттесе, яғни осы динамикада «тұлға психикасының негізгі компоненттері адам қызметінің тікелей контекстінде бекітіледі». Болашақ әлеуметтік мұғалімдерді кәсіби қызметке дайындауды қалыптастыру мәселесін зерттеу кезінде бұл тұжырым маңызды, өйткені ол дайындықтың сипатын ашуға мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, іс-әрекетке дайындықтың негізі жеке тұлғаның бағдарын қалыптастыру болып табылады. Басқаша айтқанда, егер дайындық адамның іс-әрекетке бейімделуі болса, онда бағдарлауды адамның дайындығын қалыптастыру үшін қажет деп санауға болады. Бұл тұрғыда бағдарлау арқылы біз кәсіби қызметті жүзеге асыруға деген ұмтылыстың қалыптасу деңгейін айтамыз (Орынбекова, Аманова, 2021).

Қазақстан Республикасында педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарына қойылатын үлгілік біліктілік талаптары нормативтік-құқықтық актілердің ақпараттық-құқықтық жүйесінде белгіленген. Соның ішінде, педагог-психологтардың лауазымдық біліктілік сипаттамаларына сәйкес, оларға келесі талаптар қойылады: білім беру үдерісінде қатысушылардың қиыншылықтарын анықтап, диагностикалау, сондай-ақ білім беру мен ұйымдастырушылық-әдістемелік қызмет барысында психологиялық қолдау көрсету.

«Педагог» кәсіптік стандартының 9-қосымшасында көрсетілген «Педагог-психолог» кәсіптер карточкасына сәйкес, төмендегідей негізгі кәсіби қызметтерді қамтиды:

1. Психологиялық-педагогикалық бейіні мен мақсатына диагностика жүргізу.

2. Білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық және педагогикалық көмек көрсету.

3. Білім беру ортасын қалыптастыруда психологиялық-педагогикалық мониторингті іске асыру.

4. Түзету және дамытушы бағдарламаларды әзірлеу мен жоспарлау кезінде оқу-әдістемелік жұмыстарды орындау.

М.Р. Битянова зерттеуінде «педагог-психолог» мамандығын психологиялық және педагогикалық бағыттағы кәсіби қызмет бағыттарының жиынтығы ретінде сипаттайды. Ғалым педагог-психолог қызметінің төрт басты бағытын атап көрсетеді: психодиагностика, түзету және дамытушы жұмыстар, кеңес беру мен ағартушылық қызмет, сондай-ақ әлеуметтік бақылау қызметі (Биятанова, 2008).

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі тек жоғары оқу орнында білім алу барысында ғана емес, тәжірибе мен жеке ізденіс нәтижесінде де қалыптасады.

Бұл үдеріс төмендегідей бағыттарды қамтиды:

– Психологиялық құзыреттілік: оқушының эмоциялық және әлеуметтік жағдайын түсіну мен түзету дағдыларын меңгеру.

– Басқарушылық құзыреттілік: білім беру ортасында тиімді басқару шешімдерін қабылдау қабілеті.

– Әдістемелік құзыреттілік: оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастырудың тиімді әдістерін қолдану.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби даярлау мәселесін қарастырған отандық зерттеушілер қатарына К.К. Платонов – кәсіби білім беру және тұлғалық даму мәселелерін зерттесе, А.Е. Әбілқасимова – педагогика және психология саласындағы білім беру жүйесінің мазмұнын жетілдіруге қатысты еңбектер жазған.

Қ.Ж. Қожахметова – болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бағытында зерттеулер жүргізсе, С.Қ. Бердібаева – психологиялық білім берудің әдістемелік негіздерін зерттеген. Құндылықтар мен нормалар институттармен және жалпы қоғам нормаларымен бірге қалыптасады және дамиды (Авити, Орва, 2018).

Ұлттық психологиялық ой-пікір тарихында бұл идеялар Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, Абай, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, Т.Тәжібаев, Қ.Жарықбаев сияқты ғалымдар еңбектерінде жүйелі түрде қарастырылған. Мәселен, Әл-Фараби адам бақытының негізін ізгі қасиеттер мен парасаттылықта десе, Абай адамдықтың өлшемін «Толық адам» ілімінде айқындап, рухани жетілуді ең жоғары құндылық ретінде көрсеткен. Ал Ы.Алтынсарин ұлттық тәрбиенің мақсатын «адамгершілік пен еңбекқорлыққа баулу» деп түсіндірген.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қоғамның тұрақты дамуы мен мәдени-әлеуметтік сұраныстарына жауап беретін маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарға негізделген тұлғаны қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр. Ұлттық құндылықтар ұлттың рухани, мәдени және әлеуметтік өмірінің негізін құрайтын, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын маңызды құндылықтар жүйесі болып табылады. Сондықтан педагог-психолог мамандарын даярлау барысында ұлттық құндылықтарды ескеру олардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда ерекше рөл атқарады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – педагог-психолог мамандарын даярлау үдерісінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен оларды кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудағы рөлін анықтау. Сонымен қатар, зерттеу барысында педагог-психолог мамандарын кәсіби

даярлаудың негізгі аспектілері мен ұлттық құндылықтардың тұлғаның рухани және психологиялық дамуына тигізетін әсері талқыланады.

Бұл жұмыстың міндеті – ұлттық құндылықтарды педагог-психологтардың кәсіби даярлығында ескерудің маңыздылығын, олардың адамгершілік, рухани және ұлттық бірегейлікті сақтау бағытындағы ықпалын көрсету. Зерттеуде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мен болашақ педагог-психологтарды даярлау процесінде ұлттық құндылықтардың ықпалына терең талдау жасалады.

Әдебиеттерге шолу

Құндылықтар теориясын зерттеу шетелдік ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Мәселен, Рокич (Rokeach, 1973) адамзат құндылықтарының табиғатын зерттей отырып, олардың тұлғаның мінез-құлқына тікелей ықпал ететінін дәлелдеген. Ал Шварц (Schwartz, 1992) 20-дан астам елде жүргізген эмпирикалық зерттеулерінде құндылықтардың әмбебап құрылымын ұсынған. Бұл еңбектер ұлттық құндылықтардың тұлға дамуы мен кәсіби бағдарлануындағы орнын түсіндіруге негіз болады.

Мұғалімдерді даярлау мәселесінде Шульман (Shulman, 1986) кәсіби құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде «педагогикалық білімді» бөліп көрсетті. Ол мұғалімнің кәсіби дайындығын тек пәндік біліммен емес, оны оқушыларға жеткізе білу дағдыларымен ұштастыру қажеттігін атап өтті. Ал Дарлинг-Хэммонд (Darling-Hammond, 2006) XXI ғасыр мұғалімін кәсіби даярлау білім беру реформаларының басты бағыты болуы тиіс деген тұжырымға келді.

Кәсіби құндылықтар саласында Бэнкс (Banks, 2010) әлеуметтік жұмыс тәжірибесіндегі этика мен құндылықтардың маңызын ашып көрсетсе, Хофстед (Hofstede, 2001) ұлттық мәдениеттерді салыстыра отырып, құндылықтар жүйесінің қоғамдағы орны мен адамның кәсіби бағдарын анықтаудағы ықпалын көрсетті. Ал Фуллан (Fullan, 2001) білім беру жүйесіндегі өзгерістерді мұғалімнің кәсіби дамуы мен педагогикалық құндылықтар жүйесімен байланыстырған.

Осы ойларды заманауи педагогикалық-психологиялық зерттеулермен ұштастырсақ (Shulman, 1986; Banks, 2010; Fullan, 2001), ұлттық құндылықтар кәсіби даму процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Себебі құндылықтар жүйесі кәсіби өзіндік сана мен рефлексияны қалыптастырып, педагогикалық шешім қабылдауда ішкі моральдық бағдар рөлін атқарады.

Болашақ педагог-психологтарды даярлау барысында ұлттық құндылықтарды енгізу келесі бағыттарда жүзеге асады:

- оқу-тәрбие процесінде ұлттық мәдениетті, фольклорлық мұра мен салт-дәстүрді пайдалану;
- кәсіби этика мен психологиялық мәдениетті ұлттық негізде қалыптастыру;
- білім алушылардың рухани дүниесін байытатын, ұлттық сана мен отаншылдық сезімді арттыратын пәндік және тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру;
- психологиялық кеңес беру мен қарым-қатынас тәжірибесінде ұлттық мінез ерекшеліктерін ескеру.

Осы арқылы білім алушы тек кәсіби дағдысын ғана емес, өз ұлтының мәдени-рухани болмысын сезінетін, адаммен қарым-қатынаста ұлттық этика мен менталитетті сақтай білетін тұлға ретінде қалыптасады.

Шетелдік ғалымдардың еңбектерін талдау нәтижесінде құндылықтар теориясы мен мұғалімнің кәсіби дамуы арасындағы өзара байланыс терең зерттелгенімен, бұл

бағыттағы зерттеулердің көпшілігі Батыс мәдениетінің контекстінде қарастырылғаны байқалады. Мәселен, Рокич (Rokeach, 1973) пен Шварцтың (Schwartz, 1992) еңбектері адамзат құндылықтарының әмбебап құрылымын сипаттағанымен, олар ұлттық-мәдени ерекшеліктердің педагогикалық тәжірибеге ықпалын толық ескере бермейді. Сол сияқты, Шульман (Shulman, 1986) мен Дарлинг-Хэммондтың (Darling-Hammond, 2006) мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мен білім сапасына қатысты тұжырымдары заманауи педагог даярлау жүйесіне маңызды үлес қосқанымен, олардың еңбектерінде рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтардың кәсіби қалыптасуға әсері нақты талданбаған.

Хофстед (Hofstede, 2001) пен Бэнкс (Banks, 2010) еңбектерінде мәдениетаралық салыстырмалы талдау жасалып, кәсіби және этикалық құндылықтардың маңызы ашылғанымен, бұл зерттеулер педагогикалық қызметтің ұлттық-психологиялық ерекшеліктерін толық қамтымайды. Фулланның (Fullan, 2000) білім беру жүйесіндегі өзгерістерді басқару туралы еңбегі де мұғалімнің кәсіби дамуын жүйелік тұрғыдан түсіндіреді, алайда ұлттық дәстүрлер мен рухани құндылықтардың кәсіби мотивацияны арттырудағы әлеуеті ескерілмеген. Демек, шетелдік зерттеулер құндылықтар теориясы мен кәсіби даму мәселесінің жалпы теориялық негізін қаласа да, болашақ педагог-психологтардың кәсіби дамуын ұлттық құндылықтармен ұштастыру мәселесі жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

Ұлттық құндылықтарға сүйенген кәсіби даму болашақ педагог-психологтардың тұлғалық тұрақтылығын, кәсіби жауапкершілігін және гуманистік бағыттылығын қамтамасыз етеді. Мұндай көзқарас білім беру жүйесінде құндылыққа негізделген кәсіби даярлық парадигмасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Дегенмен, шетелдік зерттеулер ұлттық және кәсіби құндылықтарды өзара үйлестіре отырып, болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту білім беру жүйесінің басты стратегиялық міндеттерінің бірі екенін дәлелдейді. Алайда бұл зерттеулердің көпшілігі батыстық мәдени-әлеуметтік контексте жүргізілгендіктен, ұлттық менталитет пен рухани құндылықтардың педагогикалық қызметке ықпалы жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ педагог-психологтардың кәсіби дамуын ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыру бағытындағы зерттеулер қазақстандық білім беру жүйесі үшін ерекше өзектілікке ие.

Материалдар мен әдістер

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі – бұл тәжірибелік міндеттерді шешуге, білім мен дағдыларды кешенді түрде қолдануға мүмкіндік беретін қасиеттердің жиынтығы. Бұл құзыреттілікті қалыптастыру қазіргі заманғы интерактивті әдістерді қолдануды және теориялық білімді практикамен ұштастыруды талап етеді.

Педагогика мен психология саласындағы мамандар жас ұрпаққа дұрыс бағыт-бағдар беру, олардың рухани және моральдық дамуына әсер ету арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттауға үлес қосады. Болашақ педагог-психологтардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру – бұл көп қырлы, үздіксіз үрдіс. Бұл үдеріс олардың кәсіби даярлығының ажырамас бөлігі болып, ұлттық сана мен рухани мұраларды сақтап, оларды жаңа ұрпаққа жеткізуге бағытталған. Жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға қабілетті педагог-психологтар ғана қоғамда үйлесімді, рухани дамыған тұлғаларды тәрбиелей алады.

Қазіргі қоғамда педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың басты мақсаттарының бірі – ұлттық және рухани құндылықтарды бойына сіңірген, жоғары адамгершілік қасиеттерге ие, кәсіби міндеттерді сапалы атқара алатын мамандарды даярлау. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды интеграциялау маңызды орын алады, өйткені ұлттық құндылықтар – қоғамның рухани мұрасы, мәдениеті мен дәстүрлерінің көрінісі.

Педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі – бұл олардың психологиялық-педагогикалық қызметті тиімді, сапалы әрі нәтижелі орындауға қажетті білім, дағды, білік және тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы. Бұл құзыреттілік болашақ маманның кәсіби қызметінде маңызды рөл атқарады, өйткені ол оқушылармен жұмыс барысында шешім қабылдауда, олардың психологиялық және әлеуметтік дамуына ықпал етуге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

К.Ж. Төребаева өзінің «Жаһандану жағдайында ұлттық тәрбие берудің ғылыми-педагогикалық негіздері» атты докторлық диссертациясында: «Ұлттық тәлім-тәрбие дүниесін қалыптастырушы екі заңдылық бар. Бірі-халықтың тәлім-тәрбие жетістіктерінің жалпы адамзаттық ой-таным мен ұлттық психологиямен бірлігі мен тұтастығы, екіншісі-аталған дүниелер синтезінен туындаған әдіс-тәсілдер жиынтығы болмақ» деп тұжырымдаған (Төребаева, 2010). Бұдан шығатын қорытынды әрбір ұлттың өзіне тән тәрбие жүйесі мен дүниетанымы адамзаттың құндылықтарымен үндесіп, олардың өзара байланысы мен ықпалдастығы болуы керек. Яғни, ұлттық құндылықтар мен тәрбиенің әдістері, мазмұны халықаралық деңгейдегі жалпыадамзаттық құндылықтармен үйлесімді болуы қажет. Бұл да ұлттық тәрбиенің прогрессивті әрі қазіргі заманға сай болуының негізі болып табылады.

Ұлттық құндылықтар педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің маңызды бөлігі болып табылады, себебі олар:

1. Құндылықтық бағдар қалыптастыруға көмектеседі. Ұлттық құндылықтарды түсіну және оларды тәжірибеде қолдану болашақ мамандардың қоғамға және оқушыларға деген жауапкершілігін арттырады, оларды ұлттық мәдениет пен дәстүрлерге құрметпен қарауға тәрбиелейді.

2. Рухани-адамгершілік дамуға ықпал етеді. Ұлттық құндылықтар педагог-психологтың тұлғалық дамуына әсер етіп, оның адамның рухани деңгейін, моральдық және этикалық көзқарастарын жетілдіруге көмектеседі. Бұл қасиеттер болашақ маманның кәсіби қызметінде өз-өзіне және өзгелерге деген құрметті қалыптастыруға негіз болады.

3. Педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Ұлттық құндылықтарды педагогикалық процеске енгізу болашақ педагог-психологтардың кәсіби даярлығын нығайтып, олардың қызметінде халықтың ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, сапалы және нәтижелі жұмыс жүргізуіне мүмкіндік береді.

Ұлттық құндылықтар педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің негізін қалыптастырады және олардың ұлтжандылық, адамгершілік және рухани дамуына ықпал етеді. Бұл өз кезегінде, педагогикалық процестің сапасын арттырып, болашақ мамандардың кәсіби міндеттерін жауапкершілікпен және тиімді орындауына мүмкіндік береді.

Зерттеуші С.С. Нурланова өзінің «Әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби құндылықтары» атты мақаласында құндылықтар ұғымын кәсіби құндылықтар деп қарастырып, оны әлеуметтік қызметтегі рөлін былайша пайымдайды: «Кәсіби құндылықтардың қажеттілігі, оның базасындаы айырмашылықтарды қабылдауға басты назар аударуды

талап етеді. Кәсіби құндылықтар өте маңызды, өйткені олар әлеуметтік қызметкерлерді өздерінің алалаушылықтарынан және жеке құндылықтарды бағалау құралы ретінде пайдаланудан сақтандырады. Бұл адамның қоғамдағы қадір-қасиеті мен құндылығын болжайтын осы кәсіппен айналысудың жалғыз жолы» (Нурланова, 2020).

Ал, А.О. Мухамеджанова қазақ дүниетанымында адами құндылықтардың рухани мәдениеті маңызды орын алатынын айтып, білім берудегі ең өнегелі нәрсе-үлгі болу болса, қазіргі заманауи мұғалімдердің міндеті оқушыларға ұлттық құндылықтарды жеткізу деп қарастырған екен (Мухамеджанова, 2019). Бұл тұрғыда, қазіргі заманауи мұғалімдердің міндеті тек қана пәндік білім беру емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды, мәдениетті, тарихты және рухани байлықтарды ұрпаққа дұрыс жеткізу болып табылады. Ұлттық құндылықтарды сабақта немесе күнделікті өмірде тиімді жеткізу үшін мұғалімдердің өздері де осы құндылықтарға деген терең түсінікке ие болуы тиіс.

Зерттеу жұмысымыздың зерттеу нысаны жоғары оқу орнының педагогикалық процесі болғандықтан эксперименттік база ретінде Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің 6B01101 – «Педагогика және психология» мамандығының 3-курс студенттері алынды.

Біз, зерттеу жұмысымызды О.И. Дорофеева құрастырған «Студенттердің мотивациялық доминанттарын талдау» (Дорофеева, 2015) сауалнамасын қолдана отырып жүргіздік. Бұл сауалнама болашақ педагог-психологтардың ұлттық құндылықтарға деген көзқарасын, оларды білім беру процесінде қалай қолдануға болатындығы туралы түсінік береді. Сондай-ақ, ұлттық құндылықтарды білім беру мен тәрбиелеу арқылы тұлғалық және кәсіби дамуды қолдау жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау

Сауалнамада 10 сұрақ бар, олардың әрқайсысына жауап студенттің мотивациялық артықшылықтарын және оның кәсіби қызметке деген көзқарасын бағалауға мүмкіндік береді. Сұрақтарға жауап беру әдістемесі келесідей:

- 0 – пікір мен үшін маңызды емес; мен оған қосылмаймын;
 - 1 – пікір мен үшін аздап маңызды; онымен ішінара келісемін;
 - 2 – пікір мен үшін едәуір маңызды; мен оны қабылдаймын;
 - 3 – пікір мен үшін өте маңызды; мен оған толығымен қосыламын.
- Нәтижелерді өңдеу (ең көп балл – 30, ең аз балл – 0):
- 0-10 – диагностикалық қызметті ынталандырудың төмен деңгейі;
 - 11-20 – диагностикалық қызметті ынталандырудың орташа деңгейі;
 - 21-30 – диагностикалық қызметті ынталандырудың жоғары деңгейі

1-Кесте. О.И. Дорофеева құрастырған «Студенттердің мотивациялық доминанттарын талдау» сауалнамасы

№	Факторлар	0-3 балл (0,1,2,3)
1	Ұлттық құндылықтарға деген көзқарас	
2	Ұлттық құндылықтардың кәсіби қызметке ықпалы	
3	Ұлттық құндылықтарды оқыту мен тәрбиелеуде қолдану	

4	Ұлттық құндылықтардың мәдениетпен үйлесімі	
5	Ұлттық құндылықтарды кәсіби даму құралдары ретінде пайдалану	
6	Ұлттық құндылықтарды оқу мотивациясы ретінде қолдану	
7	Ұлттық құндылықтардың жеке тұлға ретінде дамуыңызға ықпалы	
8	Ұлттық құндылықтарды кәсіби даярлықта пайдалану	
9	Ұлттық құндылықтарды білім беру процесіне енгізу	
10	Ұлттық құндылықтар мен оқу бағдарламалары	


Болашақ мамандардың қалыптасу кезеңдеріндегі құндылықтарды ынталандыруды зерттеу мақсатында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері 1-кестеде келтірілген.

2-Кесте. О.И.Дорофеева құрастырған «Студенттердің мотивациялық доминанттарын талдау» нәтижелері

Топ	Көрсеткіштер		
	Жоғары	Орта	Төмен
Бақылау	8,3%	40%	38,4%
Тәжірибелік	5,1%	38,9%	49,1%

Кестеден көріп отырғаныңыздай, эксперимент басталғанға дейін мотивация деңгейінің көрсеткіші бойынша бақылау және эксперименттік топтар арасында айтарлықтай айырмашылықтар болған жоқ. Басқаша айтқанда, олар ұлттық құндылықтар мен кәсіби мотивацияға қатысты бір деңгейде. Бұл кезеңде маңызды айырмашылықтардың болмауы студенттердің зерттеу қызметінің бастапқы кезеңінде ұқсас мотивациялық құрылымдар мен құндылықтарға ие екендігін білдіреді. Осы деректерді ескере отырып, эксперименттік жұмыс барысында мотивация деңгейінің қалай өзгередінін бақылау маңызды.

Бақылау және тәжірибелік топтардың нәтижелері диаграмма түрінде 1 – суретте көрсетілген.



1-Сурет. О.И. Дорофеева құрастырған «Студенттердің мотивациялық доминанттарын талдау» нәтижелері

Алынған мәліметтерден көріп отырғанымыздай білім алушылардың мотивациясын арттырудың қажеттілігі туындап отыр.

Эксперименттік зерттеу аясында О.И. Дорофееваның «Білім алушылардың мотивациялық доминанттарын талдау» сауалнамасы қайта жүргізілді. Бұл әдіс болашақ педагогтар мен психологтардың ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы мотивациясын зерттеу үшін қолданылды. Сауалнама 10 сұрақтан тұрды, олардың әрқайсысы бойынша қатысушылар өз көзқарастарын келесі шкала бойынша бағалады:

0- пікір мен үшін маңызды емес, мен оған қатыспаймын;

1- пікір мен үшін біршама маңызды, Мен онымен ішінара келісемін;

2-пікір мен үшін әлдеқайда маңызды, Мен онымен келісемін;

3-пікір мен үшін өте маңызды, Мен онымен толық келісемін; Нәтижелерді өңдеу кезінде ең жоғары балл – 30, ең аз – 0:

– 0-10 балл диагностикалық белсенділікті ынталандырудың төмен деңгейі;

– 11-20 балл диагностикалық қызметті ынталандырудың орташа деңгейі;

– 21-30 балл диагностикалық белсенділікті ынталандырудың жоғары деңгейі.

Эксперименттік зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелер болашақ педагог-психологтардың ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға деген ынтасын үш деңгейге бөлуге болатындығын көрсетеді:

1. Жоғары деңгей: білім алушылар мамандыққа деген ынтасы мен қызығушылығын және ұлттық құндылықтарды игеруді жоғары бағалайды. Олар бұл құндылықтар олардың кәсіби дамуына ғана емес, жеке өміріне де әсер ететінін түсінеді;

2. Орта деңгей: көптеген білім алушылар ұлттық құндылықтар туралы белгілі бір түсініктерді көрсетеді, бірақ оларды іс жүзінде қолдану үшін қосымша білім мен дағдылар қажет;

3. Төмен деңгей: кейбір студенттер ұлттық құндылықтардың маңыздылығын толық анықтай алмады немесе оларды болашақ кәсібімен байланыстыру қиынға соқты.

Диагностикалық зерттеудің нәтижелері болашақ педагогтар мен психологтардың әртүрлі деңгейлерде ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға деген уәждемесінің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Нәтижелер болашақ мамандардың ұлттық құндылықтарды игеруге деген қызығушылығы әртүрлі деңгейде екенін көрсетеді. Сонымен қатар, бұл нәтижелер эксперименттік жұмыс нәтижесінде болашақ педагог-психологтардың мотивация деңгейін арттыру үшін қажетті шараларды белгілеуге мүмкіндік берді. Алынған мәліметтер төмендегі 3-кестеде келтірілген.

3-Кесте. Болашақ педагог-психологтардың ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған уәждеме деңгейлерінің экспериментке дейінгі және кейінгі салыстырмалы көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Бақылау		Тәжірибелік	
	Экспер. дейін	Экспер.кейін	Экспер. дейін	Экспер.кейін
1	2	3	4	5
Жоғары	8,3%	13,2%	5,1%	38%
Орта	40 %	47,5%	38,9%	46,8%
Төмен	38,4%	29,2%	49,1%	5,9%

Зерттеу нәтижелері бойынша болашақ педагог-психологтардың кәсіби дамуын қалыптастырудағы ұлттық құндылықтардың рөлі айқын көрініс тапты. Ұлттық құндылықтар педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, себебі олар тек білім мен дағдыны ғана емес, сонымен қатар болашақ маманның адамгершілік және рухани дамуын да қамтамасыз етеді.

Ұлттық құндылықтарды түсіну, оларды тәжірибеде қолдану педагог-психологтың тұлғалық дамуына, оның моральдық, этикалық көзқарастарының қалыптасуына, және кәсіби қызметінде өзінің рөліне деген жауапкершілігін арттырады. Сонымен қатар, ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді құрметтеу педагог-психологтардың жұмысында тиімді нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді. Ұлттық құндылықтарды практикалық қызметке енгізу тек жеке тұлғаның ғана емес, тұтас қоғамның рухани мұралары мен мәдениетін сақтап, дамытуға ықпал етеді.

Зерттеу барысында көрсетілгендей, педагог-психологтардың кәсіби даярлығында ұлттық құндылықтардың интеграциясы олардың кәсіби міндеттерін сапалы әрі нәтижелі орындауға мүмкіндік береді. Олар, әсіресе, оқушылармен жұмыс барысында, жас ұрпаққа рухани құндылықтарды сіңіруде маңызды рөл атқарады.

Қорыта айтқанда, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда ұлттық құндылықтар маңызды негіз болып табылады. Бұл процеске қатысу, рухани, адамгершілік даму, педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыру сияқты бағыттарда, педагог-психологтың кәсіби сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Болашақ мамандар ұлттық құндылықтарды терең түсініп, оны кәсіби тәжірибеде қолдана білсе, олар қоғамда үйлесімді, рухани дамыған тұлғаларды тәрбиелей алады.

Қорытынды

Зерттеудің нәтижелері бойынша, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда ұлттық құндылықтардың рөлі айқын көрінеді. Ұлттық құндылықтарды меңгеру болашақ мамандардың жеке және кәсіби дамуына үлкен әсер етеді, оларды ұлттық сана-сезімге, патриотизмге, адамгершілікке баулып, қоғамға жауапкершілікпен қызмет етуге бағыттайды.

Ұлттық құндылықтар болашақ педагогтар мен психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда өте маңызды рөл атқарады. Олар маманның жеке дамуына, кәсіби міндеттерді сапалы орындауына және білім беру процесінде тиімді қарым-қатынас орнатуына септігін тигізеді. Ұлттық құндылықтарды игеру педагог-психологтарға өз елінің мәдениеті мен дәстүрлерін терең түсінуге, түрлі әлеуметтік топтармен ынтымақтасуға, сондай-ақ өз оқушыларымен сенімді және сыйластық қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Бұл тұрғыда, ұлттық құндылықтар болашақ педагогтар мен психологтардың кәсіби қалыптасуына және тиімді білім беру процесін жүзеге асыруға ықпал ете отырып, олардың қоғамдағы маңызды рөлін анықтайды. Ұлттық құндылықтарды игеру арқылы болашақ мамандар өз қызметінде терең моральдық және адамгершілік ұстанымдарға негізделген шешімдер қабылдай алады, сонымен қатар оқушылар мен қоғамға жауапкершілікпен қызмет ету қабілетіне ие болады.

Ұлттық құндылықтарды меңгерген педагог-психолог өзінің кәсіби қызметінде ұлттық бағдарға негізделген шешімдер қабылдайды. Мәселен, әрбір оқушының тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу

міндетін атқарады. Бұл, әсіресе, балаларды ұлттық мәдениетке баулу және оларды өзіндік ұлттық сәйкестікпен таныстыруда үлкен мәнге ие болады.

Авторлардың үлесі:

Д.М. Даулеталиева – зерттеу идеясы мен тұжырымдамасын әзірлеу, әдебиеттерге шолу жасау, әдістемені таңдау, деректерді жинақтау және талдау, мақаланың негізгі бөлігін жазу және қорытындыларды тұжырымдау.

З.Е. Сыдыкова – деректерді жинауға көмек көрсету, нәтижелерді өңдеу, мәтінді редакциялау.

Ш.Ж. Арзымбетова – зерттеу әдістемесінің жекелеген аспектілерін әзірлеу, нәтижелерді талқылауға қатысу, мақаланың соңғы нұсқасын қарастыру.

Әдебиеттер тізімі

- Битянова М.Р. (2008). Организация психологической работы в школе. Москва: Просвещение.
- Дорофеева О.И. (2006). Формирование диагностической компетентности педагогов: методическое пособие. Вологда.
- Ерментаева А.Р. (2012). Психологиялық даярлық жетілдіру: монография. Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы.
- Каирова, А.Т., & Түребаева, К.Ж. (2024). Патриоттық мәдениет. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы, 1(146). <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-146-1-26-36>
- Майғаранова, Ш. (2002). Мектеп оқушыларын рухани дамыту мәселелері: ғылыми-әдістемелік құрал. Алматы: Ғылым.
- Нурланова, С. (2024). Әлеуметтік қызметкердің кәсіби құндылықтары. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы, 146(1), 396–409. Қолжетімді: <https://bulpedps.enu.kz/index.php/main/article/view/482> (Қол жеткізген күні: 20 наурыз 2025 ж.).
- Орынбекова, А. С., & Аманова, А. К. (2021). Болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру. The Bulletin, 2, 307–312. Қолжетімді: <https://journals.nauknanrk.kz/bulletin-science/article/view/352> (Қол жеткізген күні: 25 ақпан 2025 ж.).
- Парыгин, Б. Д. (1999). Социальная психология: Проблемы методологии, истории и теории. Санкт-Петербург: Игуп.
- Төребаева, К.Ж. (2010). Жаһандану жағдайында ұлттық тәрбие берудің ғылыми-педагогикалық негіздері (Докторлық диссертация). Атырау.
- Awiti, A.O. and Orwa, C. (2019) 'Identity, values and norms of East Africa's youth', International Journal of Adolescence and Youth, 24(4), pp. 421–437. doi: 10.1080/02673843.2018.1554498.
- Banks, S. (2010). Ethics and values in social work. Palgrave Macmillan.
- Darling-Hammond, L. (2006). Constructing 21st-century teacher education. Journal of Teacher Education, 57(3), 300–314. <https://doi.org/10.1177/0022487105285962>
- Fullan, M. (2001). The new meaning of educational change. Teachers College Press.
- Hofstede, G. (2001). Culture's consequences: Comparing values, behaviors, institutions, and organizations across nations (2nd ed.). Sage Publications.
- Mukhametzhanova, A.O., et al. (2023). Deontological content of the future generation upbringing through national values. Bulletin of the Karaganda University. Pedagogics Series, (1), pp. 145–151. <https://doi.org/10.31489/2023ped1/145-151>
- Rokeach, M. (1973). The nature of human values. Free Press.

Schwartz, S. H. (1992). Universals in the content and structure of values: Theoretical advances and empirical tests in 20 countries. *Advances in Experimental Social Psychology*, 25, 1–65. [https://doi.org/10.1016/S0065-2601\(08\)60281-6](https://doi.org/10.1016/S0065-2601(08)60281-6)

Shulman, L. S. (1986). Those who understand: Knowledge growth in teaching. *Educational Researcher*, 15(2), 4–14. <https://doi.org/10.3102/0013189X015002004>

Tardif, M. (2006). *L'évaluation des compétences professionnelles*. De Boeck.

Д.М. Даулеталиева*¹, З.Е. Сыдыкова², Ш.Ж. Арзымбетова³

^{1,2}Центрально-Азиатский инновационный университет, Шымкент, Казахстан

³Университет им. Ж. Ташенева, Шымкент, Казахстан

Роль национальных ценностей в формировании профессионального развития будущих педагогов-психологов

Аннотация. В работе рассматривается роль национальных ценностей в формировании профессиональной компетентности будущих педагогов-психологов. В современной системе образования формирование личности на основе национальных ценностей признается одним из важнейших направлений. Национальные ценности - это система, которая составляет основу духовной, культурной и социальной жизни нации, передается из поколения в поколение, поэтому важно учитывать их при подготовке специалистов-педагогов-психологов. Популяризация национальных ценностей занимает особое место в развитии профессиональных компетенций у будущих педагогов-психологов. В работе рассматриваются основные аспекты подготовки специалистов педагога-психолога, вопросы формирования профессиональных компетенций и соответствия требованиям современного образования. В современной системе образования проблема формирования личности на основе национальных ценностей становится все более актуальной, поскольку они составляют основу духовной, культурной и социальной жизни нации. Национальные ценности как важнейшая система, передаваемая из поколения в поколение, оказывают особое влияние на подготовку специалистов-педагогов-психологов. Учет национальных ценностей в процессе профессиональной подготовки будущих педагогов-психологов способствует их личностному и профессиональному развитию. Важными аспектами являются формирование профессиональных компетенций, приобретение психологических знаний и умений, а также соответствие требованиям современной системы образования. В данной работе обсуждаются основные цели и задачи подготовки педагогов-психологов, а также рассматривается влияние национальных ценностей на профессиональное развитие будущих специалистов. Результаты исследования предоставляют важные основы для повышения профессионального уровня педагогов-психологов, необходимые для устойчивого развития общества. Актуальность темы обусловлена необходимостью подготовки специалистов, отвечающих устойчивому развитию общества, культурным и социальным запросам.

Ключевые слова: национальные ценности, педагог-психолог, профессиональная компетентность, образование, развитие, будущий специалист.

D.M. Dauletalieva^{*1}, Z.E. Sydykova², Sh.Zh. Arzymbetova³

^{1,2}*Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan*

³*Zh. Tashenev University, Shymkent, Kazakhstan*

The role of national values in the formation of professional development of future teachers-psychologists

Abstract. The work considers the role of national values in the formation of professional competencies of future teachers-psychologists. In the modern education system, the formation of personality based on national values is recognized as one of the most important areas. National values are a system that forms the basis of the spiritual, cultural, and social life of the nation, passed down from generation to generation; therefore, it is important to take them into account in the process of training teacher-psychologist specialists. The popularization of national values occupies a special place in the development of professional competencies in future teachers-psychologists. The paper discusses the main aspects of training teacher-psychologist specialists, the formation of professional competencies and compliance with modern educational requirements. In the modern education system, the problem of personality formation based on national values is becoming relevant, since they form the basis of the spiritual, cultural and social life of the nation. National values, as an important system that is passed down from generation to generation, have a special impact on the training of teacher-psychologist specialists. Taking into account national values in the process of professional training of future teachers-psychologists contributes to their personal and professional development. Important aspects are the formation of professional competence, the acquisition of psychological knowledge and skills, as well as compliance with the requirements of the modern education system. This work discusses the main goals and objectives of training teachers-psychologists, and also considers the impact of national values on the professional development of future specialists. The results of the study provide important foundations for improving the professional level of teachers-psychologists necessary for the sustainable development of society. The relevance of the topic is due to the need for the sustainable development of society, the training of specialists who meet cultural and social demands.

Keywords: national values, teacher-psychologist, professional competence, education, development, future specialist.

References

- Bityanova, M. R. (2008). Organizatsiia psikhologicheskoi raboty v shkole [Organization of psychological work at school]. Moscow: Prosveshchenie. (in Russian)
- Dorofeeva, O. I. (2006). Formirovanie diagnosticheskoi kompetentnosti pedagogov: metodicheskoe posobie [Formation of teachers' diagnostic competence: Methodical manual]. Vologda. (in Russian)
- Ermentaeva, A. R. (2012). Psikhologialyq daiarlyq zhetildiru: monografia [Improving psychological readiness: Monograph]. Oskemen: S. Amanzholov EKSU Press. (in Kazakh)
- Kairova, A. T., & Turebaeva, K. Zh. (2024). Patriottyq madeniet [Patriotic culture]. L. N. Gumilev atyndagы EУU khabarshysy. Pedagogika. Psikhologiya. Aleumettanu seriiasy [Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology Series], 1(146). <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-146-1-26-36> (in Kazakh)

Maigaranova, Sh. (2002). *Mektep oqwshylaryn rukhani damytu maseleleri: gylymi-әdistemelik qural* [Issues of spiritual development of schoolchildren: Scientific-methodical guide]. Almaty: Gylym. (in Kazakh)

Nurlanova, S. (2024). Aleumettik qyzmetkerdin kasibi kundylyqtary [Professional values of a social worker]. L. N. Gumilev atyndagy EUU khabarshysy. Pedagogika. Psikhologiya. Sotsiologiya seriiasy [Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology Series], 146(1), pp. 396–409. Available at: <https://bulpedps.enu.kz/index.php/main/article/view/482> (accessed: 20 March 2025). (in Kazakh)

Orynbekova, A.S. & Amanova, A.K. (2021). Bolashaq aleumettik pedagogtardyn kasibi is-areketke daiarlygyn qalyptastyru [Formation of professional readiness of future social pedagogues]. The Bulletin, 2, pp. 307–312. Available at: <https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/view/352> (accessed: 25 February 2025). (in Kazakh)

Parygin, B.D. (1999). *Sotsial'naia psikhologiya: Problemy metodologii, istorii i teorii* [Social psychology: Problems of methodology, history and theory]. St. Petersburg: Igup. (in Russian)

Torebaeva, K. Zh. (2010). *Zhahandanu zhagdainda ulttyq tarbie berudin gylymi-pedagogikalyq negizderi* [Scientific-pedagogical bases of national education in globalization conditions] (Doctoral dissertation). Atyrau. (in Kazakh)

Awiti, A. O. and Orwa, C. (2019) 'Identity, values and norms of East Africa's youth', *International Journal of Adolescence and Youth*, 24(4), pp. 421–437. doi: 10.1080/02673843.2018.1554498.

Banks, S. (2010). *Ethics and values in social work*. Palgrave Macmillan.

Darling-Hammond, L. (2006). Constructing 21st-century teacher education. *Journal of Teacher Education*, 57(3), 300–314. <https://doi.org/10.1177/0022487105285962>

Fullan, M. (2001). *The new meaning of educational change*. Teachers College Press.

Hofstede, G. (2001). *Culture's consequences: Comparing values, behaviors, institutions, and organizations across nations* (2nd ed.). Sage Publications.

Mukhametzhanova, A.O., et al. (2023). Deontological content of the future generation upbringing through national values. *Bulletin of the Karaganda University. Pedagogics Series*, (1), pp. 145–151. <https://doi.org/10.31489/2023ped1/145-151>

Rokeach, M. (1973). *The nature of human values*. Free Press.

Schwartz, S. H. (1992). Universals in the content and structure of values: Theoretical advances and empirical tests in 20 countries. *Advances in Experimental Social Psychology*, 25, 1–65. [https://doi.org/10.1016/S0065-2601\(08\)60281-6](https://doi.org/10.1016/S0065-2601(08)60281-6)

Shulman, L. S. (1986). Those who understand: Knowledge growth in teaching. *Educational Researcher*, 15(2), 4–14. <https://doi.org/10.3102/0013189X015002004>

Tardif, M. (2006). *L'évaluation des compétences professionnelles*. De Boeck.

Авторлар туралы мәліметтер:

Даулеталиева Д.М. – хат-хабар авторы, магистр, аға оқытушы, Орталық Азия Инновациялық университеті, Байтұрсынов көшесі 80, 160023, Шымкент, Қазақстан

Сыдыкова З.Е. – п.ғ.к., аға оқытушы, Орталық Азия инновациялық университеті, Байтұрсынов көшесі 80, 160023, Шымкент, Қазақстан

Арзымбетова Ш.Ж. – п.ғ.к., доцент Ж.Тәшенев атындағы университет, Қонаев даңғылы 21, 160023, Шымкент, Қазақстан

Сведения об авторах:

Даулеталиева Д.М. – автор для корреспонденции, магистр, старший преподаватель, Центрально-Азиатский инновационный университет, ул. Байтурсынова, 80, 160023, Шымкент, Казахстан

Сыдыкова З.Е. – к.п.н., старший преподаватель, Центрально-Азиатский инновационный университет, ул. Байтурсынова, 80, 160023, Шымкент, Казахстан

Арзымбетова Ш.Ж. – к.п.н., доцент, Университет им. Ж.Ташенева, проспект Кунаева, 21, 160023, Шымкент, Казахстан

Information about the authors:

Dauletaliyeva M.D. – corresponding author, Master's Degree, Senior Lecturer, Central Asian Innovation University, Baitursynov St. 80, 160023, Shymkent, Kazakhstan

Sydykova Z.E. – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Central Asian Innovation University, Baitursynov St. 80, 160023, Shymkent, Kazakhstan

Arzymbetova Sh.Zh. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Zhumabek Tashenev University, Kunaev Avenue 21, 160023, Shymkent, Kazakhstan